

Мемлекеттік орман қоры телімдеріндегі орманды пайдаланған үшін төлемдер мөлшері туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 26 ақпандағы N 6-10 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 3 наурызда N 3002 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 11 ақпандағы N 11-14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2009.02.11 N 11-14 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының Орман кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Мемлекеттік орман қоры телімдеріндегі орманды пайдаланған үшін төлемдер мөлшері бекітілсін, оның ішінде:
 - 1) екінші кезектегі орман материалдарын дайындау үшін (1 қосымша);
 - 2) шабындық үшін (2 қосымша);
 - 3) орман қоры телімдерін аңшылық шаруашылық қажеттілігіне пайдаланғаны үшін (3 қосымша);
 - 4) орман қоры телімдерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттарына пайдаланғаны үшін (4 қосымша);
 - 5) Батыс Қазақстан облысының жергілікті ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін (5 қосымша).
2. Орманды пайдаланғаны үшін түскен қаражаттар жергілікті бюджетке жолдансын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2008.05.16 N 7-5 Шешімімен.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Облыстық
2008

жылғы

26

мәслихаттың
ақпандағы

№ 6 - 10 шешімімен 1 қосымша бекітілді

Екінші кезектегі орман материалдарын дайындау үшін төлем мөлшері

Пайдаланатын түрлері	төлем мөлшері
Сыпыртқы, шетен (шыбық) жасау үшін құралдар дайындау	1 м3 үшін 51 теңге
Сыпырғыш (аққайың шыбығын) (емен шыбығын) дайындау	1 м3 үшін 37 теңге 1 м3 үшін 95 теңге

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 6 а қ п а н д а ғ ы
№ 6 - 10 шешімімен 2 қосымша бекітілді

Шабындық үшін төлем мөлшері

Атауы	1 га шығын сомасы	Шөп шабу төлемі
Шөп шабу үшін төлем мөлшері га көлемінен	116	1 га орман жерінің телімінен 116 теңге

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 6 а қ п а н д а ғ ы
№ 6 - 10 шешімімен 3 қосымша бекітілді

Орман қоры телімдерін аңшылық шаруашылық қажеттілігі үшін пайдалану төлем мөлшері

Атауы	Орман қорының үлескілерін аңшылық шаруашылық қажеттілігі үшін пайдалану төлемі
Орман қорының үлескілерін аңшылық шаруашылық қажеттілігі үшін пайдалану мөлшері га көлемінен	1 га орман жерінің үлескісінен 0 теңге

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 6 а қ п а н д а ғ ы
№ 6 - 10 шешімімен 4 қосымша бекітілді

Орман қоры телімдерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттарына пайдалану үшін төлем мөлшері

--	--	--

Атауы	1 га шығын сомасы	Орман қорының телімдерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттарына пайдалану мөлшері
Орман қорының үлескілерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық және спорт мақсаттарына пайдалану мөлшері га көлемінен	116	орман жері үлескісінің 1 га 116 теңге

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 6 а қ п а н д а ғ ы
N 6 - 1 0 ш е ш і м і м е н 5 қ о с ы м ш а
бекітілді

Батыс Қазақстан облысының жергілікті ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін төлем мөлшері

N	Заңды және жеке тұлғалар үшін жергілікті маңызды ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Айлық есеп көрсеткішіндегі төлем мөлшері
1.	Ғылыми мақсаттарға (ғылыми зерттеулер өткізу)	Адам-күні	0,1
2.	Мәдени-ағартушылық және оқулық мақсаттарға: 1) тарихи-мәдени мұра нысандарын, жануарлар мен өсімдіктер, жансыз табиғат нысандарын көрсету; 2) студенттер мен оқушылардың өндіріс практикаларын, оқу сабақтары және таным-жорықтар өткізу; 3) қоршаған ортаны қорғау және тиімді пайдалану, қорық жұмыстары аясында ғылыми кадрлар дайындау, қайта даярлау мен мамандардың білімін жетілдіру	Адам-күні Адам-күні Адам-күні	0 , 1 0 , 1 0,1
3.	Туристік және рекреациялық мақсаттарға	Адам-күні	0,1
4.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды осы төленім мөлшерінің 1, 2, 3 пункттерінде көрсетілген Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 19 бабына белгіленген мемлекеттік мекемелер түрінде заңды тұлғалармен пайдалану мақсатында	Адам-күні	0,0